

«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы
Басқармасының шешімімен
мақұлданған
(2018 ж. "25" қазан № 121 отырыс хаттамасы)

«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша "Халық-Life" еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілген
(2018 ж. "01" қарашадағы № 65 отырыс хаттамасы)

**«Life-Оптимум»
өмірді сақтандыру ережесі**

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер.....	4
1-тарау. Қолданылу мақсаты мен саласы	4
2-тарау. Терминдер мен қысқартулар	4
2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері.....	6
3-тарау. Осы сақтандыру ережесіне сәйкес жасалатын Сақтандыру шартының ерекшеліктері	6
3-бөлім. Өмірді сақтандыру	7
4-тарау. Сақтандыру оқиғасы	7
5-тарау. Сақтандыру шартының мәні	7
6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	7
7-тарау. Медициналық тексеру.....	8
8-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру.....	8
9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	8
10-тарау. Сақтандыру шарты мен сақтандыру қорғауының қолданылуы. Сақтандыру шартын жасасу мерзімі	9
11-тарау. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі.....	10
12-тарау. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу мөлшері, тәртібі және мерзімі.....	10
13-тарау. Сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктіру.....	11
14-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру.....	11
15-тарау. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату	11
16-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері	12
17-бөлім. Сақтандыру оқиғасы басталғанда Сақтанушының әрекеттері, сақтандыру төлемін жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі	13
18-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүргізуден босату негіздері.....	14
19-тарау. Сақтанушыны ауыстыру.....	15
20-тарау. Пайда алушы.....	15
21-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу тәртібі.....	15
22-тарау. Сақтанушының орналасқан жерінің немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі.....	16
4-бөлім. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыру	16
23-тарау. Сақтандырылушының қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандырудың негізгі ережелері.....	16
24-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі.....	17
25-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері	17
26-тарау. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасау ерекшеліктер.....	17
27-тарау. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, тоқтату және қалпына келтіру шарттары.....	18

28-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері	18
29-тарау. Сақтандыру оқиғасы басталған кезіндегі тараптардың өзара қатынастарына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттері және өзге ережелер	19
5-бөлім. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру.....	19
30-тарау. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандырудың негізгі ережелері.....	19
31-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі	20
32-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері	20
33-тарау. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасасу ерекшеліктері.....	21
34-тарау. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, қолданылуын тоқтату және қалпына келтіру талаптары.....	21
35-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері	22
36-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) іс-әрекеті және өзге де ережелер.....	23
6-бөлім. Қорытынды ережелер	24
37-тарау. Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі	24
38-тарау. Қосымша талаптар.....	24

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Қолданылу мақсаты мен саласы

1. Осы «Life-Оптимум» сақтандыру ережесінің (бұдан әрі – Сақтандыру ережесі) талаптарында «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы жеке және заңды тұлғалармен өмірді ерікті сақтандыруға қатысты өмірді сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты немесе Сақтандыру полисі/Полис) жасайды.

2. Осы Сақтандыру ережесінің көшірмесі Сақтандыру шартын жасасу барысында клиентке беріледі, Сақтандыру ережесі Сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2-тарау. Терминдер мен қысқартулар

3. Осы Сақтандыру ережесін іске асыру мақсатында қолданылатын келесі негізгі түсініктер осы Сақтандыру ережесінде пайдаланылады:

1) Пайда алушы – сақтандыру шартының талаптарына сай сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

2) Сатып алу сомасы – сақтандыру шартының қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтанушыға төленуге тиісті ақша сомасы;

3) Сақтандыру жылы – полис шығарылған күннен (сақтандырудың бірінші жылы) басталатын немесе полистің бір жылдығынан (сақтандырудың кейінгі жылдары) он екі айлық;

4) полистің жылдығы – полистің шығарылған күні мен айына дәл келетін, сақтандыру қорғауының кезеңіндегі күн, ай;

5) кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, баланың қамқорлығын, білім алуын, тәрбиесін, құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын ата-аналар (ата-ана), бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, асырап алған ата-ана (қабылдаушы ата-аналар), патронат тәрбиеші және оларды алмастыратын басқа да адамдар;

6) Сақтанушы – оған қатысты сақтандыру шарты жасалатын жеке тұлға. Жасы 14-тен (он төрт) 65 (алпыс бес) жасқа дейін болған еңбекке жарамды жеке тұлға Сақтандырылушы болуы мүмкін. Сақтандыру шартының қолданылуының аяқталуы бойынша Сақтандырылушының жасы 70 (жетпіс) жастан аспауы тиіс;

7) жалған мәліметтер – сақтандыру шартын жасау күніне шындыққа (сақтандыру объектісі туралы нақты деректерге) сәйкес келмейтін, сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және ықтимал шығындардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін, оларға сәйкес Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқығы бар сақтандыру объектісі туралы Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру өтінішінде берген мәліметтер;

8) сақтандыру жағдайы – бұл адамның еркіне қарамастан, Сақтандырылушының ағзасына сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер ету нәтижесінде кенеттен, денсаулығына зиян келтіруге, мертігуге не өлімге әкеп соққан қысқа мерзімді оқиға (оқиға);

9) сақтандыру объектісі – Сақтандырылушының сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруіне, сақтандыру оқиғасының салдарынан қайтыс болуына және денсаулығы мен өміріне келтірілген залалына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүддесі. Сақтанушының құқыққа қарсы мүддесі сақтандыруға жатпайды.

10) осы Сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтандырылушының қауіпті (төтенше) әрекеттері деп мыналар түсініледі:

- гидроциклдерде жарысу, жүру, қыдыру. Гидроцикл (су мотоциклі) - стационарлық іштен жану қозғалтқышы бар, су беті бойынша глиссирлеу жолымен қозғалуға арналған жүрдек дербес су көлігі (жүзу құралы);

- тауға шығумен байланысты туризм (альпинизм);

- парашютпен секіру;

- «серіппеленген ағашаяқтарда» - джамперде жүгіру және секіру;

- вейкбордта, маунтинбордингте (скейтбординг түрлері, тақтайдың дөңгелектері үлкейген, табиғи ландшафт бойынша сырғанауға болады) жүру, сырғанау;

- арнайы костюм-матадан жасалған қанатпен ұшу (Вингсьютинг);
 - слалом, жарыс, желкенді тактада сырғанау;
 - арнайы велосипедтерде трюктерді немесе кроссты орындау (Bicycle Moto Cross (BMX));
 - аквалангпен суға бату;
 - дельтаплан, мотодельтапланда және олардың түрлерінде ұшу;
 - биіктіктен мөлдір шарда (зорбе) түсу;
 - сүйрегіш ауа жылан (кайт) ұстап тұратын және басқаратын тартқыш күштің әсерінен су беті бойынша қозғалу;
 - жүзуші құралдардың көмегінсіз өзен каньондарын еңсеру;
 - шағын бір орындық кемеде жүзу (каяк);
 - ұзын тақтайда асфальтталған жердің үстімен түсу (скейтке қарағанда жылдам және тегіс сырғанау үшін);
 - таудан арнайы велосипедпен түсу (Маунтинбайк);
 - парапланда, мотопарапланда және олардың түрлерінде ұшу;
 - Pogo stickте («шегіртке») секіру, пого-стик сондай-ақ серіппеден, тұтқадан, педальден және негізгі платформадан тұратын секіруге арналған құрылғы ретінде де белгілі;
 - үрлемелі қайықта табиғи және (немесе) жасанды кедергілерден өтумен тау өзендері бойлап жүзу;
 - жоғары объектілерден арнайы сақтандыру арқанымен секіру (Роуп-джампинг, банджи-джампинг, «тарзанка»);
 - сақтандырусыз биік ғимараттардың қол жеткізу қиын және қауіпті шатырларға және шпильдерге шығу;
 - серфингке арналған тақтайларды, немесе қысқа ескекаяқтарды және арнайы қолғаптарды қолдану арқылы толқында сырғанау;
 - адамның стандартты емес снарядтармен күш жаттығуларын орындауы, мысалы, автомобильді көтеру (күштік экстрим);
 - табиғи немесе жасанды рельеф бойынша өрмелеу (Құзға өрмелеп шығу);
 - скейтбордта трюктерді орындау (роликті тақтай);
 - сноубордтың арнайы снарядында, арнайы шаңғымен қар басқан баурайлардан және таудан сырғанап түсу;
 - ұсталатын қайттың көмегімен шаңғыда, сноубордпен немесе конькимен қар жамылғысында немесе мұзда сырғанау;
 - құмда сноубордпен жүру. Көбінесе құмды карьерлерде немесе шөлді бархандарда іске асырылады;
 - үңгірден өтуге байланысты туризм (Спелеология);
 - мотоциклді трюк көрсетіп жүргізу;
 - велосипедте, мотоциклде немесе жүк машинасында кедергілерден өтуге байланысты спорттық іс-шараларға қатысу (Триал);
 - арнайы снарядта асфальтталған беткейлерден түсу (фриборде);
 - роликті конькиде трюктерді орындап сырғанау (Роллерблейдинг);
 - Арнайы дайындалмаған трассалардан тыс табиғи шатқалдар мен таулардан түсу, сырғанау (Фрирайд: тау шаңғысы және сноуборд, вело фрирайд);
 - күрес – онда екі қатысушы айқаста кімнің жеңімпаз екенін анықтау мақсатында бір-бірімен күш сынасатын, тек физикалық күшті ғана пайдаланатын немесе әртүрлі спорттық құралдарды және/немесе қолға ұстайтын суық қаруды қолдана отырып орындайтын спорттық жарыс түрі;
 - аңға шығу,
 - атпен шабу және кез келген жануарды пайдаланып шабу,
 - әуе шарында, аэростатта, планерде және олардың басқа түрлерінде ұшу;
 - все виды авто-, мото- және әуе- спорттың барлық түрлері;
 - кез келген спорттық жарыстарға қатысу;
 - сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің және спорт жаттығуларының барлық түрлері.
- 11) кейінге қалдыру кезеңі – ұзақтығы күнтізбелік отыз күннен кем емес кезең, Сақтанушы оның ішінде мерзімі өткен сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті. Кейінге қалдыру

кезеңі, мұндай сақтандыру жарнасы мерзімі өткен болып есептелетін күннен, яғни Сақтанушы оған дейін кезекті сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті болған күннен басталады;

12) кәсіби түрде спортпен шұғылдану – жаттығу жүктемелері қарастырылатын және бұдан кейін де спорттық жарыстарға қатысуды болжайтын және ол жерде спортшы дайындалғаны және қатысқаны үшін сыйақы алуы қарастырылатын физикалық жаттығулармен байланысты жүйелі түрде белгілі бір спорт түрімен айналысу;

13) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға;

14) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда, сақтандыру шарты жасалған тұлғаның (Пайда алушыға) пайдасына сақтандыру төлемін төлейтін «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

15) сақтандыру мүддесі – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) тәуекелдерінің алды алу және сақтандыру жағдайының орын алуын болдырмау мүліктік мүддесі;

16) сақтандыру жағдайы – оның орын алуына байланысты сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіпте сақтандыру төлемін жүзеге асыру қарастырылатын оқиға;

17) сақтандыру полисі – Сақтандырушы Сақтанушыға беретін, онда және осы сақтандыру ережелерінде көрсетілген талаптарда сақтандыру шартының жасалғанын растайтын құжат.

Осы Сақтандыру ережесінің талаптарын іске асыру мақсатында, сақтандыру полисі (бұдан әрі – Полис) мыналарға бөлінеді:

а) Түпнұсқалық полис – сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы Сақтанушыға беретін полис;

б) Жаңартылған полис – Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартына кейбір өзгерістерді немесе толықтыруларды енгізгенде, бұрын берілген полистің орнына беретін полис;

18) сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) – Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушы оған төлеуге міндетті ақша сомасы. Осы Сақтандыру ережесіне сәйкес сақтандыру сыйлықақысын төлеу, сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп төленеді;

19) сақтандыру сомасы – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

20) сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушының Пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;

21) дене жарақаты – Сақтандырылушының ағзасына сыртқы механикалық, термиялық, электр немесе химиялық әсердің салдарынан туындайтын ұлпалардың, органдардың немесе тұтастай ағзаның зақымдалуы.

4. Қысқартулар:

1) Компания – «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

2) Полис/Сақтандыру шарты – Сақтандыру полисі;

3) Сақтандыру ережесі – «Life-Оптимум» өмірді сақтандыру ережесі.

2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері

3-тарау. Осы Сақтандыру ережесіне сәйкес жасалатын Сақтандыру шартының ерекшеліктері

5. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты қосымша талаптар енгізілуі мүмкін. Бұл ретте бұл талаптар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын болады.

6. Жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты Сақтандыру шартының қосымша талаптары өзіне келесі жағдайларды қамтиды:

1) жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болу жағдайынан сақтандыру;

2) Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру.

Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тараудың 6-тармағында аталған сақтандырудың қосымша талаптарын бірге және әрқайсысын жеке-жеке таңдауы мүмкін.

7. Осы Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде берілген ережелер "Life-Оптимум" бағдарламасы бойынша өмірді сақтандыруға қатысты қолданылады.

8. 4-бөлімде көрсетілген талаптар, Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қолданылады.

9. 5-бөлімде көрсетілген талаптар, Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушы дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қолданылады.

10. Осы Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде көрсетілген ережелер, 4 және 5-бөлімдердің ережелеріне қолданылады, егер соңғысымен өзгеше көзделген болмаса.

3-бөлім. Өмірді сақтандыру

4-тарау. Сақтандыру жағдайы

11. 1) сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде орын алған Сақтандырылушының қайтыс болуы;

2) Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі сақтандыру жағдайы болып табылады.

5-тарау. Сақтандыру шартының мәні

12. Сақтанушы сақтандыру шартында көзделген көлемде, тәртіп пен мерзімде сақтандыру жарналарын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеуге міндетті.

13. Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру шартында көзделген көлемде, тәртіп пен мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

14. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда, Сақтанушының бір жақты тәртіппен (қосылу шарты) Сақтандырушымен әзірленген үлгі шарттарға (Сақтандыру ережелері) қосылуы арқылы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беру арқылы жасалады. Бұл ретте берілетін полиске Сақтандыру ережесінің көшірмесі қоса беріледі. Бұл құжаттар (Полис және Сақтандыру ережесінің көшірмесі) бірге сақтандыру шарты болып табылады.

15. Сақтандыру шартын жасасу үшін, сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) Сақтандыру ережесімен танысып шығуға және Сақтандырушы бекіткен үлгі бойынша сақтандыруға өтінішті Сақтандырушыға тапсыруға міндетті.

16. Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы), сақтандыруға өтінішінде (немесе сақтандыру шартымен байланысты өзге құжатта) сақтандыру оқиғасының басталу ықтималдығын анықтау үшін елеулі мәні бар оған белгілі мәліметтерді көрсетуге міндетті.

17. Қалай болғанда да, сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының басталуына және осы Сақтандыру ережесінде аталып өткен, сақтандыруға өтініште немесе Сақтандырушының жазбаша сұратуларында көрсетілген ықтимал шығындардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін болған мәліметтер елеулі деп танылады.

18. Сақтандыру шарты жасалып болған соң, Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 17-тармағында көрсетілген жағдайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергендігі анықталған болса, Сақтандырушы шартты жарамсыз деп тануды талап етуге және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген салдарды қолдануды талап етуге құқылы. Сақтанушы біле тұрып айтпаған мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушы шартты жарамсыз деп тануды талапа ете алмайды.

19. Сақтандыруға өтінішті алу Сақтандырушыны сақтандыру шартын жасасуға міндеттемейді. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасуға келісімі сақтандыру талаптары көрсетілген полисті Сақтанушыға берумен расталады.

20. 1) Андеррайтер тәуекелді жеке бағалаған кезде қабылдаған тұлғаларды қоспағанда, мүгедектер;
2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұратын тұлғалар;
3) қылмыстық атқару жүйесінің мекемелерінде жасаған қылмысы үшін жазасын өтеп жатқан тұлғалар;

4) Компанияның андеррайтері қабылдамаған тұлғалар сақтандыруға қабылданбайды.

21. Осы Тараудың 20-тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған сақтандыру шарты, осындай шарт жасалған кезден бастап жарамсыз болып табылады, ал төленген сақтандыру сыйлықақылары (жарналары), Сақтанушы ол бойынша сақтандыру сыйлықақысын (жарнасын) қайтаруды жүзеге асыру қажет деректемелерді көрсете отырып, сақтандыру сыйлықақысын (жарнасын) қайтаруға өтініш берген сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қайтарылуға жатады.

22. Сақтандыру шарты күшке енгеннен кейін, сақтандыруға өтініш және осы Сақтандыру ережесінде нақты айтылған өзге құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

23. Егер сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған кезде жасалса, соңғысы кейіннен шартты бұзуды немесе Сақтанушының тиісті мән-жайларды хабарламауы негізінде, оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

7-тарау. Медициналық тексеру

24. Сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтандырушы сақтандырылған тұлғаға (Сақтандырылушы) оның денсаулығының нақты күйін бағалау үшін Сақтандырушының осындай тексеруге арналған медициналық мекемесінде медициналық тексеруді тағайындауға құқылы. Сақтандырылатын тұлға (Сақтандырылушы) медициналық тексеруден өтуден бас тартқан жағдайда Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

25. Медициналық тексеру сақтандыру шартын жасасуға ниет білдірген тұлғаның (Сақтанушының) не сақтандырылушы тұлғаның (Сақтандырылушының) есебінен жүргізіледі. Сақтандыру шарты медициналық тексеруден кейін жасалған жағдайда, Сақтандырушы медициналық тексеру бойынша шығыстарды медициналық тексеру төлемін растайтын құжаттарда көрсетілген мөлшерде, сақтандыру шартының қолданылуы басталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде өтейді.

26. Егер медициналық тексеру Сақтандырушының осындай тексеруге белгіленген медициналық мекемесінен өзге медициналық мекемеде өткізілген болса, онда медициналық тексеру шығындары Сақтандырушының осындай тексеру үшін белгілеген тәрізді медициналық мекемесіндегі медициналық тексеру құнының шектерінде ғана өтеледі.

27. Егер сақтандыру шарты жасалмаса немесе сақтандыру шартында белгіленген мерзімде алғашқы сақтандыру жарнасы төленбеген немесе толығымен төленбеген болса, онда Сақтандырушы медициналық тексеру шығындарын өтемейді.

8-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру

28. Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмайтын болса, Сақтанушы Сақтандырылушының сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін Сақтандырушыға ұсынуға міндетті.

29. Егер Сақтанушы жасы он төртке толмаған кәмелет жасқа жетпеген Сақтандырылушының заңды өкілі болатын болса (сақтандыру шарты жасалған күнге), осы Тараудың 28-тармағының талаптары қолданылмайды.

9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

30. Сақтанушы мыналарға құқылы:

1) Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылдаған міндеттемелерді орындауын талап етуге.

31. Сақтанушы мыналарға міндетті:

1) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;

2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелі жағдайы туралы ақпарат беруге;

3) Сақтандырушыны сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге. Егер Сақтанушының (Пайда алушы) дәлелді себептер бойынша, жоғарыда көрсетілген мерзімде, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етуге мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және болған жағдайда мұны құжатпен растауға тиіс. Бұл ретте, егер Сақтанушының Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы Сақтанушының еркіне байланысты емес себептерге байланысты болса, және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылған болса, онда хабарламау немесе уақтылы хабарламау Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін негіз болып табылмайды.

Сақтанушының еркінен тыс жағдайлар, атап айтсақ: еңсерілмейтін күш жағдайлары, яғни осы жағдай бойынша төтенше және алдын алу мүмкін емес (форс-мажор) жағдайлар, қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей: апаттық құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б. хабарламау немесе уақтылы хабарламаудың орынды себебі болып табылады;

4) осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру оқиғасының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға.

32. Сақтандырушы мыналарға құқылы:

1) Сақтандыру шартында көзделген талаптар бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

2) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес өзіне қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

3) сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайларын және себептерін тексеруге;

33. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

3) Сақтанушыны Сақтандыру ережесімен таныстыруға және оның талабы бойынша Сақтандыру ережесінің көшірмесін беруге (жіберуге), сондай-ақ сақтандырудың барлық талаптарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

4) сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы хабарлама алған кезде оны дереу тіркеуге және Сақтанушыға олардың тізбесі мен қабылданған күнін көрсете отырып, құжаттардың қабылданғаны туралы анықтама беруге;

5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтанушыдан құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы оларды хабардар етуге міндетті.

10-тарау. Сақтандыру шарты мен сақтандыру қорғауының қолданылуы. Сақтандыру шартын жасасу мерзімі

34. Сақтандыру шарты полиске қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Сақтанушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлеген жағдайда, полисте көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

35. Сақтандыру қорғанысы (сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі) полиске қол қойылған күннен кейінгі күннен бастап әрекет ете бастайды, егер осы уақытта бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) толық төленген болса.

36. Егер полиске қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленбесе немесе толық төленбесе, Сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы және шарт күшіне енбеген болып есептеледі. Осы негізде сақтандыру шартын жасасудан бас тартқан кезде, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны хабардар етуге және егер мұндай төлем орын алған болса, Сақтанушыға толық төленбеген бірінші сақтандыру жарнасын (немесе сақтандыру сыйлықақысын) қайтаруға міндетті.

37. Сақтандыру қорғанысы, Сақтанушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру жарналарын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеген жағдайда, полисте көрсетілген мерзім (сақтандыру мерзімі) аяқталғаннан кейін қолданылуын тоқтатады.

38. Сақтандыру шарты/сақтандыру қорғанысы Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен бірге одан тыс жерлерде де қолданылады.

39. Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) денсаулық жағдайының нақты күйін бағалау үшін медициналық тексеруден өтуге жіберген жағдайда, сақтандыру қорғанысы сақтандыру сыйлықақысын (алғашқы сақтандыру жарнасын) төлеген жағдайда Сақтандырушыға жүргізілген медициналық тексерудің нәтижесін (қорытындыны, актіні, анықтаманы) ұсынған күннен бастап әрекет ете бастайды.

11-тарау. Сақтандыру оmlарарын анықтау тәртібі

40. Сақтандыру төлемінің мөлшері полисте көрсетіледі.

12-тарау. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу мөлшері, тәртібі және мерзімі

41. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын бір жолғы немесе бөліп, кезеңдік (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық, айлық) жарналар түрінде ұлттық валюта - теңгемен төлейді.

42. Сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйлықақысы) Сақтандырушының полисте көрсетілген банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен (аударыммен) төленуі мүмкін. Сақтандыру жарналары Сақтанушының банктік шотынан Сақтандырушының шотына акцептсіз автоматты ақша аударымы арқылы төленуі мүмкін. Сақтанушы бұл жағдайда Сақтандырушыға сақтандыру жарнасы мөлшеріндегі ақшаны акцептсіз автоматты аударуға жазбаша келісімін беруге міндетті.

43. Сақтандыру жарналарын төлеу кезеңділігі және тиісті мөлшері полисте көрсетіледі.

44. Сақтанушы әрбір сақтандыру жарнасын, осы сақтандыру жарнасы сәйкес келетін кезең басталғанға дейін төлеуге міндетті. Кері жағдайда сақтандыру жарнасы мерзімі өткен болып есептеледі.

45. Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарына сәйкес төленуге тиісті сақтандыру жарнасын төлемеген немесе уақтылы төлемеген жағдайда, төленуге тиіс кейінгі сақтандыру жарнасын және мерзімі өткен сақтандыру жарнасын Сақтанушы сақтандыру жарнасының мерзімі өткен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

46. Сақтанушы полистің жылдығында сақтандыру жарналарын төлеу мерзімділігін өзгертуге құқылы.

47. Сақтандыру жарналарын төлеу мерзімділігі өзгерген кезде Сақтанушы:

1) осы өзгеріс қолданыла бастаған күн басталғанға дейін мұндай өзгеріс туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

2) Сақтанушы таңдаған кезеңділікке сәйкес мөлшерде Сақтандырушыға тиесілі кезекті сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті.

48. Сақтандырушының есеп шотына төлемді немесе сақтандыру жарнасын аударуды жүзеге асыруға байланысты шығыстар мен тәуекелдерді Сақтанушы көтереді.

49. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) уақтылы төлемеген кезде Сақтандырушы Сақтанушыдан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде

төлем мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, мерзімінде төленбеген сомадан тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

13-тарау. Сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктіру

50. Белгіленген мерзімде қатарынан екі рет сақтандыру жарналарын (біріншісін қоспағанда) алмаған Сақтандырушы, Сақтанушыға сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабарлауға міндетті.

51. Хабарламада келесі мәліметтер көрсетілуі керек:

1) сақтандыру жарнасының төленуі тиіс болған мерзім (сақтандыру сыйлықақысының кейінге қалдырылған мерзімі);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мөлшерде сақтандыру жарнасын төлеуді мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлдың мөлшері;

3) Осы тараудың 53-тармағының талаптарына сәйкес кейінге қалдыру кезеңі ішінде сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда, Сақтандырушының сақтандыру шартының қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату құқығы туралы ақпарат.

52. Кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді көтереді. Бұл ретте Сақтандырушы одан Сақтандырушы алдындағы Сақтанушының берешек сомасын және сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлды ұстап қалуға құқылы.

53. Сақтанушы сақтандыру жарнасын (біріншісін қоспағанда) мұндай сақтандыру жарнасы мерзімі өткен болып есептелетін күннен бастап күнтізбелік отыз күн (сақтандыру сыйлықақысын кейінге қалдыру кезеңі) ішінде төлемеген жағдайда, сақтандыру шарты бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылады.

14-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру

54. Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылса (Сақтанушының сақтандыру жарнасын төлемейі негізінде), Сақтандырушы түпнұсқалық полистің талаптары бойынша сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге құқылы, Сақтанушыдан сақтандыру шартын қалпына келтіруге өтінішті алған және Сақтанушы мыналарды төлеген жағдайда:

1) мерзімі өткен сақтандыру жарналарын;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде сақтандыру жарналарын төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімақыны.

55. Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған күннен бастап бір жыл ішінде түпнұсқалық полистің талаптары бойынша сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге құқылы.

56. Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру кезінде Сақтандырылушының денсаулық жағдайына медициналық сараптама жүргізуге құқылы. Медициналық сараптаманы жүргізу Сақтанушының есебінен жүзеге асырылады.

57. Сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған болса және Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеген болса, Сақтандырушы бұл шарттың қолданылуын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы.

58. Сақтандырылушының денсаулық жағдайы елеулі нашарлаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің немесе сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшерін қайта есептеуді жүргізуге құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылуын жаңа талаптарда қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда сақтандыру шарты қалпына келтірілуге жатпайды.

15-тарау. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

59. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі өтінішін беру арқылы сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

60. Сақтандырушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі өтінішті алған күні, егер бұл өтініште Сақтанушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың тым кеш күнін көрсетпесе, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату күні болып есептеледі.

61. Сақтанушы шарт жасалған күннен бастап бірі мен он үші аралығындағы кезеңде сақтандыру шартын бір жақты тәртіпте бұзған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасын толық көлемде қайтаруға міндетті. Егер Сақтанушы шарт жасалған күннен бастап он төрті мен отызыншы күн аралығындағы кезеңде сақтандыру шартын бір жақты тәртіпте бұзса, Сақтандырушы, сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтандырушыға келтірілген, алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасының жиырма пайызынан аспайтын шығындарды шегеріп, алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасын Сақтанушыға қайтаруға міндетті. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың өзге жағдайларында, Сақтанушының сақтандыру шартына сәйкес төлеген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

62. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде толық төлеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыдан сатып алу сомасын (олар болған жағдайда) алуға құқылы.

63. Сатып алу сомасының мөлшері әрбір сақтандыру жылы аяқталған күндегі жағдайы бойынша полисте көрсетіледі. Сақтандырудың бірінші жылы аяқталған күні сатып алу сомасының мөлшері нөлге тең.

64. Сатып алу сомасының мөлшері, сақтандыру жылының аяқталу күні басталғанға дейін Сақтандырушыға тиесілі барлық сақтандыру жарналары толық төленгендігін ескере отырып, полисте көрсетілген.

65. Сатып алу сомасы Сақтанушыға, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш Сақтандырушыға ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей төленуі тиіс.

66. Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеген кезде, Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы алдындағы берешегі мөлшерінде ақша сомасын ұстап қалуға құқылы.

67. Сатып алу сомасына салық салу, ол болған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

16-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері

68. Осы Тараудың 70 және 71-тармақтарында көрсетілгеннен өзге мән-жайлар нәтижесінде «өлім» сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтандыру төлемінің мөлшері, Полисте көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшеріне тең.

69. Сақтандыру шарты үздіксіз әрекет еткен және Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінің талаптары бойынша сақтандыру төлемдері болмаған жағдайда, «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері, осы Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде көзделген өмірді сақтандыруға қатысты төленген сақтандыру сыйлықақысының (жарналарының) мөлшеріне тең.

70. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру қорғанысының қолданылуы кезеңінде және төмендегілермен тікелей немесе жанама байланысты орын алған жағдайда, растайтын құжаттар болған кезде, сақтандыру төлемінің мөлшері «қайтыс болу» сақтандыру жағдайы болған күнгі сатып алу сомасына тең болады:

- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивтік зақымданудың әсері;
- 2) әскери әрекеттері, Сақтандырылушының әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) азаматтық соғыстар, алуан түрлі халық толқулары, жаппай тәртіп бұзушылықтар немесе ереуілдер;

- 4) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру оқиғасының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал еткен қасақана әрекеттеріне;

- 5) Сақтанушының белгіленген заңнама актілерімен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;

- 6) лицензиясы бар авиакомпанияның жолаушыларды тасымалдайтын әуе көлігінен басқа, кез-келген түрдегі ұшатын аппараттарда Сақтандырылушының ұшуы;

7) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілерді пайдалану жағдайларын қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және одан жоғары алкогольдік масаң күйде болуы, сақтандыру жағдайының болуына әкеп соққан немесе онымен себептік-салдарлық байланыста болған Сақтандырылушының есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болуы; алкоголизм, алкогольді тұтынумен себеп-салдарлық байланысы бар, дамуы алкогольді жүйелі пайдаланумен байланысты аурулар;

8) Сақтандырылушының осы Сақтандыру ережесінде көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

9) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылдау кезінде осы ақпаратты мәлімдемесе және осы ақпарат сақтандыруға арналған өтініште көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен айналысу.

71. Сақтандыру шартының үздіксіз қолданылған алғашқы екі жылы ішінде сақтандыру төлемінің мөлшері «қайтыс болу» сақтандыру оқиғасы орын алған күнгі сатып алу сомасына тең, егер сақтандыру оқиғасы тікелей немесе жанама түрінде келесі жағдайлардың салдарынан орын алған болса:

- 1) Сақтандырылушының өзін-өзі өлтіруі немесе өлтіруге талпынуы;
- 2) АИВ-инфекциясымен ауруы;
- 3) қатерлі ісіктің туындауына байланысты аурулар.

72. Егер сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) немесе сақтандыру сомасын дұрыс есептемеуге әкеп соққан, Сақтандырылушының туған күні және/немесе жынысы дұрыс емес көрсетілген болса, онда сақтандыру төлемінің мөлшері нақты туған күннің және/немесе нақты жынысының және көрсетілген туған күннің және/немесе көрсетілген жыныстың қатынасына байланысты түзетілуі тиіс.

17-тарау. Сақтандыру оқиғасы басталғанда Сақтанушының әрекеттері, сақтандыру төлемін жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі

73. Сақтанушы (Пайда алушы) жазатайым оқиғаның орын алғаны жөнінде оған белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ кез келген жағдайда, сақтандыру жағдайы орын алған күннен күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей, Сақтанушыға бұл туралы жазбаша хабардар етуге міндетті. Егер Сақтанушының (Пайда алушы) орынды себептермен жоғарыда аталған мерзімнің ішінде өлімнің орын алғандығы туралы Сақтандырушыны хабардар етуге мүмкіндігі болмаса, онда ол уақтылы хабарламау себептері туралы түсінік хатты ұсынуы, және бар болса құжаттармен растауы тиіс.

74. Сақтандыру кезеңінің ішінде сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Полистің түпнұсқасы (телнұсқасы), полистің барлық қосымшалары;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелері: алушы банктің атауы, банктің БСН, БСК, ЖСК, ағымды немесе шот-карта;

4) Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға (егер Сақтанушы сақтандыру шартын жасаған кезде Пайда алушыны бегілемеген болса) құқығын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы куәліктің және қайтыс болу туралы анықтаманың нотариатты расталған көшірмесі;

6) осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қолымен расталған, химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелері бар қайтыс болу себептері мен жағдайлары туралы сот-медициналық сараптамасы немесе патологоанатомиялық зерттеу қорытындысының көшірмесі (егер сараптама немесе зерттеу жүргізу ҚР нормативтік құқықтық актілерінде көзделген болса);

7) егер Сақтандырылушының өлімі стационарда орын алған болса, дәрігердің қолымен және емдеу мекемесінің мөрімен расталған, медициналық мекеме берген Сақтандырылушының медициналық картасынан үзіндінің көшірмесі (ауру тарихы);

- 8) берген мекеменің мөрімен расталған амбулаториялық картаның көшірмесі, бар болса.

75. Сақтандырушы сонымен қатар келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

1) құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен болған оқиға (жазатайым жағдай) фактісі бойынша қылмыстық істі қозғау туралы мәселені қарастырған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өміріне және денсаулығына зиян келуін тіркеу фактісі жөнінде анықтаманы, сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркелген жағдайда - қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе сот үкімін талап етуге құқылы;

2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасының салдарынан болса, берген мекеменің мөрімен расталған жол-көлік оқиғасы бойынша материалдардың көшірмелері (оқиға орнын тексеру хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасына қатысушылардың түсіндірмелері, мамандардың эксперттік қорытындылары);

3) Сақтандырушының сақтандыру оқиғасына қатысты сұрау салатын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттар.

76. «Сақтандырылушы сақтандыру мерзімінің аяғына дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша, Сақтанушы Сақтандырушыға полистің түпнұсқасын, Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттарды, соның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН, жеке басын куәландыратын құжатта болмаған жағдайда), Сақтанушының банктік деректемелерін (алушы банктің атауы, банктің БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт шот) ұсынуға міндетті.

77. Пайда алушы Сақтандырушыға жеке басын және сақтандыру төлемін алу құқығын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ жеке сәйкестендіру нөмірін (бар болса) ұсынуға міндетті.

78. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды, алған (қабылданған) күнін көрсете отырып, дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұрау салуы бойынша Сақтанушыға (Пайда алушыға), ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, анықтама беруге міндетті.

79. Сақтандырушы осы Тарауда көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды бастауы немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға міндетті.

80. Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен банктік шотқа жүргізіледі. Егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылса, сақтандыру төлемі ақшасының аударымы немесе төлемі бойынша шығыстар Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

81. Сақтанушы (Пайда алушы) біржолғы сақтандыру төлемінің орнына, келісілген мерзім ішінде Сақтандырушы бөліп жүзеге асыратын сақтандыру төлемін тағайындауға құқылы.

82. Егер Пайда алушы он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмаған болса, онда Сақтандырушыға берілетін растайтын құжаттардың негізінде Пайда алушының-кәмелетке толмаған баланың заңды өкілі сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер Пайда алушы он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында регламенттелген тәртіппен белгіленеді.

83. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде, Сақтандырушы одан сақтандыру төлемі жүзеге асырылған күндегі Сақтанушының берешегінің мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

84. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы, немесе олардың өкілі Сақтандыру ережесінің осы Тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

18-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүргізуден босату негіздері

85. Мыналар Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуды жүзеге асырудан бас тартуға негіздеме бола алады:

1) Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы біле отырып жалған мәліметтер, сонымен қатар осы Сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтандырушыға берілуі тиіс басқа да мәліметтерді беруі;

2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдайларын тергеп-тексеруге кедергі келтіруі;

3) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 835-бабында белгіленген шарттарда, осы Сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы Сақтандырушыға хабарламау.

86. Сақтандырушы Сақтандыру ережесінің 85-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде көрсетілген оқиға бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартқан жағдайда, Сақтандырушының осы Сақтандыру шартын жасау және орындаумен байланысты Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасынан 15% мөлшерінде қосымша шығындарын шегере отырып, Сақтанушы (Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылатын Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда Сақтанушының мұрагерлері) Сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасын алуға құқылы.

19-тарау. Сақтанушыны ауыстыру

87. Сақтанушы сақтандыру шартымен анықталған барлық құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға соңғысының, Сақтандырылушының және Сақтандырушының келісімі бойынша табыстай алады. Мұндай құқықтар мен міндеттемелерді табыстау үшін Сақтандырушыға, Сақтанушының, Сақтандырылушының және Сақтанушының құқықтық мұрагерінің (сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының құқықтары мен міндеттерін қабылдаушы тұлға) қолы қойылған, Сақтанушыны ауыстыру туралы өтініш ұсыну қажет. Сақтанушыны ауыстыру, Сақтанушының құқықтық мұрагеріне берілетін полиске қосымшаға Сақтандырушы қолын қойған күннен бастап жарамды болып саналады.

88. Сақтандырылушы болып табылмайтын Сақтанушы Сақтандырылушыдан бұрын қайтыс болған жағдайда, сақтандыру шартында анықталатын Сақтанушының құқықтары мен міндеттері, Сақтанушы сақтандыруға өтініште немесе өзге өтініште көрсеткен, Сақтанушының құқықтық мұрагеріне өтеді, ал ондай мәлімдеме болмаған жағдайда – заңнамада көзделген тәртіппен Сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.

20-тарау. Пайда алушы

89. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде орын алған «Сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайы бойынша, Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаған жағдайда, Пайда алушы (немесе сақтандыру төлемінен үлесін көрсете отырып, бірнеше Пайда алушы), Сақтандырылушының келісімі бойынша Сақтанушының сақтандыруға берген өтінішінде көрсетіледі.

90. «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша Сақтанушы Пайда алушы болып табылады.

91. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін, Пайда алушыны ауыстыруға өтінішті Сақтандырушыға ұсынып, Пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны ауыстыру, Сақтанушыға жолданатын полиске қосымшаға Сақтандырушы қолын қойған күннен бастап жарамды болады.

92. Пайда алушы, егер ол сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттерді орындаса немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде талап қойса, басқа адаммен ауыстырылмайды.

93. Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған, немесе ол өзінің құқықтарынан бас тартқан жағдайда, оның құқықтары Сақтанушыға өтеді, ал Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылса – заңнамамен анықталған тәртіпте оның мұрагерлеріне өтеді.

94. Егер Пайда алушы мен Сақтандырылушы бір мезетте (бір күнде) қайтыс болса, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі, Пайда алушы Сақтандырылушыдан бұрын қайтыс болған жағдайдағыдай болады (осы тараудың 93-тармағы).

21-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

95. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу, Сақтанушы Сақтандырушыға ұсынатын, өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы өтінішінің негізінде жүргізіледі.

96. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар, Сақтандырушының осындай енгізуге жазбаша нысандағы келісімі болған жағдайда енгізіледі және мыналарға қатысты күшіне енген болып саналады:

1) жаңғыртылған полис шығарылған күннен бастап, полисте нақты көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерге;

2) Сақтандырушының келісімін растайтын құжатта көрсетілген күннен бастап полисте көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерді қоспағанда, ал күні көрсетілмеген болса – Сақтандырушының шығыс құжатты тіркеген күнінен бастап сақтандыруға өтініште нақты көрсетілген мәліметтерге қатысты.

97. Жаңғыртылған полис бұрын шығарылған полиске немесе бұрын шығарылған полистің телнұсқасына ауыстырылады. Жаңғыртылған полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады және шығарылған күннен кейін, бұрын шығарылған полис (ол жоғалған жағдайда – телнұсқасы) күшін жояды.

98. Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар мен/немесе өзгертулер енгізуге құқылы, егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін, сақтандыру шартына қатысты және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша талаптарды орнататын қолданыстағы заң актілері өзгерген немесе жаңадан қабылданған болса.

99. Сақтандырушы біржақты тәртіппен, сақтандыру шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды енгізуге құқылы.

100. Егер жазбаша хабарламада басқа күн белгіленбеген болса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартының барлық өзгерістері туралы, осы сияқты өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 30 күн бұрын хабарлайды. Сақтанушы сақтандыру шартының өзгерістерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушыға бұл туралы жазбаша үлгіде хабарлай отырып, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер Сақтанушы өзгерістер туралы хабарламаны жөнелткеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы хабарламаса, Сақтанушы өзгерістермен келіскен болып саналады.

101. Егер Сақтанушы осы Сақтандыру ережесінің 99-тармағында аталған жағдайларға (талаптарды біржақты өзгерту) байланысты сақтандыру шартын бұзған жағдайда, Сақтандыру ережесінің 15-тарауында бекітілген салдар орын алады.

22-тарау. Сақтанушының орналасқан жерінің немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі

102. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыруға өтініште көрсетілген оның орналасқан жері немесе тұрғылықты жерінің мекенжайы бойынша хабарламаны жібереді.

103. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген жағдайда, Сақтанушы он күн мерзімде Сақтандырушыға жаңа мекен-жайын хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда, алдыңғы орналасқан жері немесе тұрғылықты мекен-жайы бойынша жіберілген хабарлама тараптармен орындалған (жарамды) болып есептеледі.

104. Егер Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға хат-хабарларды жеткізуге жауапты Қазақстан Республикасында сенім білдірілген тұлғаны көрсетуге міндетті.

4-бөлім. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыру

23-тарау. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері

105. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты осы Сақтандыру ережесінің талаптары, егер полисте, сақтандыру шарты жазатайым оқиға басталған сәттен бастап алты ай ішінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда қосымша сақтандыруды қамтитыны тікелей көзделген болса, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (немесе егер сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлесе, бірінші сақтандыру жарнасын) төлеуді толық көлемде жүзеге асырған болса қолданылады.

106. Осы Сақтандыру ережесінің 24-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, "Life-Оптимум" өмірді сақтандыру талаптары бойынша көзделген сақтандыру төлеміне қосымша, Сақтандырушы осы Бөлімде көрсетілген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде қосымша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

24-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі

107. Сақтандырылушының қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру талаптары бойынша, жазатайым оқиға орын алған сәттен бастап алты ай ішінде орын алған себеп бойынша Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады.

25-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері

108. Осы Сақтандыру ережесінде көрсетілген, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың өзге негіздерінен басқа, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасамайды, егерде Сақтандырылушының өлімі төмендегі жағдайларға тікелей немесе жанама түрінде байланысты болса және растайтын құжаттар болса:

- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивтік зақымданудың әсері;
- 2) әскери қимылдары, Сақтандырылушының әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) азаматтық соғыс, алуан түрлі халық толқулары, жаппай тәртіп бұзушылықтар немесе ереуілдер;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру оқиғасының басталуына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал еткен қасақана әрекеттері;
- 5) заңнамалық актілермен бекітілген тәртіпте қасақана қылмыс немесе сақтандыру оқиғасымен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған Сақтандырылушының әрекеттері;
- 6) тауға шығу, альпинизм, парашютпен секіру, аквалангпен су астында жүзу, сондай-ақ ралли, жарыс, тау шаңғысы спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысу;
- 7) лицензиясы бар авиакомпанияның жолаушыларды тасымалдайтын әуе көлігінен басқа, кез-келген түрдегі ұшатын аппараттарда Сақтандырылушының ұшуы;
- 8) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілерді пайдалану жағдайларын қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және одан жоғары алкогольдік масаң күйде болуы, Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соққан не онымен себептік-салдарлық байланыста болған есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болуы;
- 9) алкогольизм, алкогольді тұтынумен себеп-салдарлық байланысы бар, дамуы алкогольді жүйелі пайдаланумен байланысты аурулар;
- 10) Сақтандырылушының осы сақтандыру ережесімен көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 11) кәсіби спорт түрімен шұғылдану, егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) бұл ақпаратты сақтандыруға өтініште көрсетпесе және сақтандыруға қабылдаған кезде бұл туралы мәлімдемеген болса;
- 12) бактериалды инфекциялар, кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда пайда болатын инфекцияны қоспағанда;
- 13) жазатайым оқиға салдарынан туындаған ауруларды қоспағанда, кез келген ауру, бұл ретте, бұл жазатайым оқиға сақтандыру қорғауының кезеңінде орын алған болса;
- 14) эпилептикалық талма, жүрек ұстамасы және апоплексия соғуы.

26-тарау. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасау ерекшеліктері

109. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты жазбаша нысанда, Сақтанушының бір жақты тәртіппен (қосылу

шарты) Сақтандырушымен әзірленген үлгі шарттарға (Сақтандыру ережесі) қосылуы арқылы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беру арқылы жасалады.

110. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасау үшін, оны жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы), Сақтандырушымен бекітіліген нысан бойынша, өмірді сақтандыруға өтініште бұл туралы Сақтандырушыға көрсетуге міндетті. Сақтандырушы жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасауға келіскен жағдайда, Сақтандырушы осы Сақтандыру ережесімен анықталған тәртіпте тиісті мәліметтерді көрсете отырып, Сақтаушыға Полисті береді.

111. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты қосымша талаптарды Сақтандыру шартына енгізу үшін, сақтандыру шартын жасасқаннан кейін, Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушы бекіткен нысан бойынша сақтандыруға арналған жеке (қосымша) өтініште көрсетуге міндетті. Сақтандырушы, Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартына қосымша талаптарды енгізуге келіскен жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға тиісті мәліметтерді көрсете отырып, бұрын берілген Полистің орнына жаңа полис береді.

112. Кез келген жағдайда, Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты талаптар, өмірді сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша болып табылады және соңғы көрсетілген талаптарсыз сақтандыру шартына енгізілуі мүмкін емес.

27-тарау. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, тоқтату және қалпына келтіру шарттары

113. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты Полиске қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, егер бұл уақытқа сақтандыру сыйлықақысы немесе тиісті сақтандыру жарнасы толығымен төленген болса.

114. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде толық көлемде төлеген жағдайда, полисте көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді.

115. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы:

- 1) сақтандыру шартының қолданысы аяқталған;
- 2) Сақтанушы Сақтандырушыға, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген;
- 3) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиесілі сақтандыру жарналары толық көлемде төленбеген сәттен бастап тоқтатылады.
- 4) Сақтандыру шартының қолданылуы осы Тараудың 115-тармағы 3) тармақшасының негізінде тоқтатылған болса, Сақтанушы оның қолданылуын Сақтандырушының жазбаша келісімімен қалпына келтіруге құқылы, Сақтанушы мерзімі өткен сақтандыру жарнасын төлеген жағдайда. Бұл ретте Сақтандырушы, Сақтанушының есебінен Сақтандырылушының күйіне медициналық сараптама жүргізуді талап етуге құқылы.

116. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуын тоқтатқан кезде, мұндай сақтандыруға қатысты сатып алу сомасын төлеу жүргізілмейді.

28-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері

117. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

118. Сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең. Сақтандырылушының өлімі осы Сақтандыру ережесінің 25-тарауында көрсетілген талаптарды ескеріп, жазатайым оқиға себебі бойынша орын алған болса, сақтандыру төлемі өмірді сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлеміне қосымша ретінде жүргізіледі.

119. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

29-тарау. Сақтандыру оқиғасы басталған кезіндегі тараптардың өзара қатынастарына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттері және өзге ережелер

120. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан кейін, дереу, бірақ кез келген жағдайда, сақтандыру жағдайы орын алған күннен бастап күнтізбелік 40 күннен кешіктірмей, оның басталғаны туралы Сақтандырушыға жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

121. Сақтандыру оқиғасының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға Сақтандыру ережесінің 74, 75-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынуға міндетті.

122. Сақтанушы жазатайым оқиға себебі бойынша орын алған «Сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайы бойынша Пайда алушыны, Сақтандырылушының келісімі бойынша, сақтандыруға өтініште көрсетеді, Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаған жағдайда.

123. Сақтанушы (Пайда алушы) немесе өзге тұлға, Сақтанушының (Пайда алушының) тапсырмасы бойынша өз есебінен Сақтандырушының сұратуы бойынша, осы Тараудың 122-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуде көмек көрсетуге міндетті.

124. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды, оларды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша оларды қабылдаған күнін көрсете отырып, Сақтанушыға (Пайда алушыға) анықтама беруге міндетті.

125. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары мен себептерін тексеруге құқылы.

126. Сақтандырушы осы Тараудың 122-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе жазбаша нысанда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті.

127. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы, немесе олардың өкілі Сақтандыру ережесінің осы Тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

5-бөлім. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру

30-тарау. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандырудың негізгі ережелері

128. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты осы Сақтандыру ережесінің талаптары, егер полисте, сақтандыру шарты жазатайым оқиға Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруды қамтитыны тікелей көзделген болса, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру

сыйлықақысын (немесе егер сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлесе, бірінші сақтандыру жарнасын) төлеуді толық көлемде жүзеге асырған болса қолданылады.

129. Осы сақтандыру Ережесінің 31-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы, Сақтандырылушы жазатйым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру талаптарымен белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Сақтандыру төлемінің мөлшері «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесіне» сәйкес анықталады. «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесі» осы сақтандыру Ережесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

31-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі

130. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша, сақтандыру қорғауының кезеңінде жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушыға келтірілген дене жарақаттары сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады.

32-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері

131. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады, егерде дене жарақаты сақтандыру қорғауының кезеңінде алынған болса, төмендегі жағдайларға тікелей немесе жанама түрінде байланысты болса және растайтын құжаттар болса:

1) воздействием ядерного взрыва, радиации или радиоактивного заражения ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивтік зақымданудың әсері;

2) әскери қимылдары, Сақтандырылушының әскери құрылымдарда қызмет етуі;

3) азаматтық соғыс, алуан түрлі халық толқулары, жаппай тәртіп бұзушылықтар немесе ереуілдер;

4) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру оқиғасының басталуына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал еткен қасақана әрекеттері;

5) заңнамалық актілермен бекітілген тәртіпте қасақана қылмыс немесе сақтандыру оқиғасымен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған Сақтандырылушының әрекеттері;

б) бактериалды инфекциялар, кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда пайда болатын инфекцияны қоспағанда;

7) лицензиясы бар авиакомпанияның жолаушыларды тасымалдайтын әуе көлігінен басқа, кез-келген түрдегі ұшатын аппараттарда Сақтандырылушының ұшуы;

8) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілерді пайдалану жағдайларын қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және одан жоғары алкогольдік масаң күйде болуы, Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соққан не онымен себептік-салдарлық байланыста болған есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болуы;

9) алкоголизм, алкогольді тұтынумен себеп-салдарлық байланысы бар, дамуы алкогольді жүйелі пайдаланумен байланысты аурулар;

10) Сақтандырылушының осы сақтандыру ережесімен көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

11) кәсіби спорт түрімен шұғылдану, егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) бұл ақпаратты сақтандыруға өтініште көрсетпесе және сақтандыруға қабылдаған кезде бұл туралы мәлімдемеген болса;

12) жазатайым оқиға салдарынан туындаған ауруларды қоспағанда, кез келген ауру, бұл ретте, бұл жазатайым оқиға сақтандыру қорғауының кезеңінде орын алған болса;

13) эпилептикалық талма, жүрек ұстамасы және апоплексия соғуы.

132. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуды жүзеге асырудан бас тартуға негіздеме бола алады:

1) Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы біле отырып жалған мәліметтер, сонымен қатар осы сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтандырушыға берілуі тиіс басқа да мәліметтерді беруі;

2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдайларын тергеп-тексеруге кедергі келтіруі;

3) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 835-бабында белгіленген шарттарда, осы Сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы Сақтандырушыға хабарламауы.

133. Сақтандырушы «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» айтылмаған дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

33-тарау. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасасу ерекшеліктері

134. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты жазбаша нысанда, Сақтанушының бір жақты тәртіппен (қосылу шарты), Сақтандырушымен әзірленген үлгі шарттарға (Сақтандыру ережесі) қосылуы арқылы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жасалады.

135. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасау үшін, оны жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы), Сақтандырушымен бекітіліген нысан бойынша, сақтандыруға өтініште бұл туралы Сақтандырушыға көрсетуге міндетті. Сақтандырушы, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасауға келіскен жағдайда, Сақтандырушы осы Сақтандыру ережесімен анықталған тәртіпте тиісті мәліметтерді көрсете отырып, Сақтаушыға Полисті береді.

136. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты талаптарды Сақтандыру шартына енгізу үшін, сақтандыру шартын жасасқаннан кейін, Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушы бекіткен нысан бойынша сақтандыруға арналған жеке (қосымша) өтініште көрсетуге міндетті. Сақтандырушы, Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартына қосымша талаптарды енгізуге келіскен жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға тиісті мәліметтерді көрсете отырып, бұрын берілген Полистің орнына жаңа полис береді.

137. Кез келген жағдайда, Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты талаптар, өмірді сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша болып табылады және соңғы көрсетілген талаптарсыз сақтандыру шартына енгізілуі мүмкін емес.

34-тарау. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, қолданылуын тоқтату және қалпына келтіру талаптары

138. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты, егер осы уақытқа дейін сақтандыру сыйлықақысы немесе тиісті сақтандыру жарнасы толық төленген болса, Сақтандырушы Полиске қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

139. Сақтандырылушы жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты осы Сақтандыру ережесінің талаптары, полисте көрсетілген мерзім ішінде қолданылады, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (немесе егер сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлесе, бірінші сақтандыру жарнасын) төлеуді сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде толық көлемде жүзеге асырған болса.

140. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы:

1) сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған;

2) Сақтанушы Сақтандырушыға, Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген;

3) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиесілі сақтандыру жарналары толық көлемде төленбеген.

4) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнетақы жасына жеткен сәттен бастап тоқтатылады.

5) Сақтандыру шартының қолданылуы осы Тараудың 141-тармағы 3) тармақшасының негізінде тоқтатылған болса, Сақтанушы оның қолданылуын Сақтандырушының жазбаша келісімімен қалпына келтіруге құқылы, Сақтанушы мерзімі өткен сақтандыру жарнасын төлеген жағдайда. Бұл ретте Сақтандырушы, Сақтанушының есебінен Сақтандырылушының күйіне медициналық сараптама жүргізуді талап етуге құқылы.

141. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуын тоқтатқан кезде, мұндай сақтандыруға қатысты сатып алу сомасын төлеу жүргізілмейді.

35-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері

142. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы Сақтандырылушының дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

143. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандырудың белгілі бір жылы ішінде (бірінші, келесі) Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру бойынша бұрын жүргізілген сақтандыру төлемінің (жүргізілген сақтандыру төлемдерінің) сомасына автоматты түрде азайтылуға жатады. Сақтандыру сомасының мөлшері келесі сақтандыру жылының басталған күні толық көлемде қалпына келтірілуге тиіс.

144. Сақтандырушы Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесіне» сәйкес, Полисте көрсетілген сақтандыру сомасынан (сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңінде басталған алғашқысы бойынша) немесе осы Тараудың 145-тармағының талаптарына сәйкес азайтылған сақтандыру сомасынан (кейінгі сақтандыру жағдайлары бойынша) пайызбен айқындайды.

145.«Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір бөлімінде айтылған және бір жазатайым оқиға нәтижесінде бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда, сақтандыру төлемі, сақтандыру төлемінің ең көп мөлшері бар жарақат көзделетін тармаққа сәйкес жүргізіледі.

146. «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» әртүрлі бөлімінде айтылған және бір жазатайым оқиға нәтижесінде бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда сақтандыру төлемі, әрбір дене жарақаты бойынша жеке жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.

147. «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда, сақтандыру төлемі, дене жарақаттарының санына қарамастан, осы тармаққа сәйкес бір рет анықталған мөлшерде жүргізіледі.

148. Сақтандыру төлемінің мөлшері бір аяқ-қол үшін дене жарақатының жағдайына белгіленген (егер «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» басқаша айтылмаса). Екі аяқ-қолдың ұқсас дене жарақаттары кезінде сақтандыру төлемінің мөлшері екі есе артады. Кез келген жағдайда барлық сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.

149. Сақтандыру қорғанысының қолданылуы кезеңінде дене жарақатының салдарынан орын алған «Сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайы басталған жағдайда, Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды. Бұл ретте, Сақтандырылушы жазатайым оқиға

салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, онда ол сақтандыру қорғанысының қолданылуы кезеңінде орын алған «Сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінен шегеріледі.

150. Сақтандыру төлемі жүзеге асырған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегінің мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

36-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) іс-әрекеті және өзге де ережелер

151. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ кез келген жағдайда күнтізбелік 40 күннен кешіктірмей, Сақтандырушыға оның басталғаны туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

152. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

- 1) полистің көшірмесін;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН-і;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелерін, БСН, БСК, банктің ЖСН-і, ағымдағы немесе карт-шоты;
- 4) тиісті құзыретті органдардан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын, оның себептерін, шығын мөлшерін растайтын құжаттар (өрт қызметі, құқық қорғау органдары);
- 5) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – өндірістегі жазатайым оқиға туралы акті немесе осындай актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) травматологиялық пункттен анықтама немесе медициналық мекеменің мөрімен расталған оның көшірмесі;
- 7) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы мекеменің мөрімен расталған медициналық картадан (ауру тарихынан) үзінді;
- 8) берген мекеменің мөрімен расталған амбулаториялық картаның көшірмесі;
- 9) рентгенологтың рентген-суретін сипаттауы немесе рентген-сурет танысып шығу үшін (бар болса);
- 10) Сақтандырушы сұрататын, сақтандыру жағдайына жататын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құжаттар.

153. Сақтандырушы сондай-ақ Сақтандыру ережесінің 75-тармағында көзделген құжаттарды сұратуға құқылы.

154. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен болған оқиға (жазатайым оқиға) фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді тіркеу фактісі бойынша құқық қорғау органдарынан анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеп - тексерудің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркелген жағдайда-қылмыстық істі қысқарту туралы қаулыны не сот үкімін талап етуге құқылы.

155. Сақтандырылушы дәрігерлерге, күтімді жүзеге асыратын адамдарға, медициналық мекемелерге және уәкілетті мемлекеттік органның қызметкерлеріне Сақтандырушының сұрауы бойынша Сақтандырылушының денсаулық жағдайы туралы анықтаманы беруге уәкілеттік беруге міндетті.

156. Сақтанушы (Пайда алушы) немесе өзге тұлға, Сақтанушының (Пайда алушының) тапсырмасы бойынша, Сақтандырушының сұратуы бойынша, осы Тараудың 154, 155-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуде көмек көрсетуге міндетті.

157. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды алған (қабылданған) күнін көрсете отырып, дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша оларды қабылдаған күнін көрсете отырып, анықтама беруге міндетті.

158. Сақтандырушы осы Тараудың 154, 155-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе жазбаша нысанда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті.

159. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банктік шотқа жүргізіледі. Егер төлем немесе сақтандыру төлемінің аударымдары Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылса.

160. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

161. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы, немесе олардың өкілі Сақтандыру ережесінің осы Тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

6-бөлім. Қорытынды ережелер

37-тарау. Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі

162. Сақтандырушы Сақтанушыға хабарламаны оның сақтандыруға арналған өтініште көрсеткен орналасқан жері немесе тұрғылықты жерінің мекенжайы бойынша жібереді.

163. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген кезде Сақтанушы он күн мерзімде Сақтандырушыға мекен-жайын хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда, алдыңғы орналасқан жері немесе тұрғылықты мекен-жайы бойынша жіберілген хабарлама тараптармен орындалған (жарамды) болады.

164. Егер Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға хат-хабарларды жеткізуге жауапты Қазақстан Республикасында сенім білдірілген тұлғаны көрсетуге міндетті.

38-тарау. Қосымша талаптар

165. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарламалар, түсініктемелер, оның жөнелтілуін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жазбаша нысанда орындалуы тиіс.

166. Тараптар сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Сақтандыру ережесіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

167. Сақтандыру шартымен реттелмеген тараптардың арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес регламенттеледі.

168. Полис немесе Полиске қосымшалар жоғалған кезде, Сақтанушы Сақтандырушыны хабардар етуге және полистің телнұсқасын немесе полиске қосымшаны алуға өтініш жазуға міндетті. Полистің телнұсқасын бергені үшін Сақтанушы екі жүз теңге көлеміндегі қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін жоғалған полис не полиске қосымша жарамсыз болады.

169. Сақтандыру шартын жасасқан Тараптар арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Егер мұндай даулар келіссөздер жолымен шешілмейтін болса, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жауапкердің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешілуге жатады (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.).

170. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы Сақтандыру ережесінің жекеленген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса,

бұл ережелер Сақтандыру ережесіне тиісті өзгерістерсіз автоматты түрде күшін жояды. Егер осы Сақтандыру ережесінің ережелерінің бірі жарамсыз болса, бұл басқа ережелерді қозғамайды. Жарамсыз жағдай заңды рұқсат етілген және тиісті қатынасты реттейтін жағдаймен ауыстырылады.

171. Осы Сақтандыру ережесі қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Сақтандыру ережесінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, Сақтандыру ережесінің орыс тіліндегі мәтініне басымдық беріледі.